

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, IV

Нарративті эмпатия: автор, кейіпкер,
оқырман





Мақсаты: баяндаудың нақты тәсілдерінің оқырмандарға тигізетін әсеріне шолу жасау және баяндау эмпатиясының қалай әрекет етітінімен таныстыру.

Тірек сөздер: баяндау, мәтін, эмпатия, оқырман, кейіпкер, сәйкестендіру.

Кейіпкерлерді сәйкестендіру – сипаттау тәсілі емес, нақты сипаттау тәсілдерінің көмегімен жылдам оқудың нәтижесі. Бұл тәсілдер әлі жан-жақты зерттелмеген. Питер Диксон мен Мариса Бортолуcci баяндаудың эстетикалық қасиеттеріне сипаттама береді (1). Жемельян Хакемюльдер авторлық жазу шеберлігіне қатты таңырқаған оқырмандар шығарманың қиялдан туған әлеміне және оның кейіпкерлеріне ене алатынын жазады (2). Оқырмандардың қиялдан туған кейіпкерлердің әлеміне кіруі автор пайдаланған нақты тәсілдерге немесе көркемдік құралдарына байланысты. Кейт Оутли оқырмандардың эмоционалды реакциясы кейіпкерлерге деген аяушылығын тудырады (3). Дэвид С. Миал мен Дон Куйкен көркем әдебиетті эмоционалды қабылдау әдеби мәтін мен оқырманның тәжірибесінің қиылысуына байланысты екенін жазады (4). Дон Куйкен оқырмандар шығарманы немесе кейіпкерлермен танысқанда, эмпатияларының туындағанын жиі айтатынын тілге тиек етеді (5). Макс Луверсе мен Дон Куйкен эмпатия оқырман автор жіберіп алған кейіпкерлерінің мінез-құлықтарындағы олқылықтардың орнын толтыруға септігін тигізетінін айтады (6). Оқырмандардың шынайы кейіпкерлер туралы пікірі сәйкестендіруге ықпал етеді, ал оқырман мен кейіпкер арасындағы ұқсастық сәйкестендіруді нығайта түседі. Алайда бұл құбылыстардың ешбірінде кейіпкерлерді сәйкестендіруге септігін тигізетін сипаттау тәсілдері болмайды.

Кейіпкерлерді сипаттаудың кейбір тәсілдері оқырмандардың эмоционалды ықыласы мен эмпатиясын тудыра алады. Сюжеттік әңгімелер оқырмандарға шығарманы жылдам оқуға, кейіпкерлердің ішкі әлеміне енуге септігін тигізетінін айтады Хакемюльдер. Туындыны жылдам оқу – кейіпкердің тағдырына енуге талпыныс болуы мүмкін. Сюжет пен баяндау құрылымының аспектілері оқырмандардың эмпатиясын тудыруда маңызды рөл атқаруы мүмкін. Бұл құрылымға уақыт (қарқын), тәртіп (анахрония), баяндау деңгейлері (әңгіме ішіндегі әңгіме), ретті әңгіме, күшті немесе әлсіз аяғы, қосымша сюжеттік оқиғаларды пайдалану, қайталаулар мен олқылықтардың орнын толтыру секілді әрекеттер кіреді. Құрылымдық категориялардың әрқайсысы сипаттауға мүмкіндік беретіндіктен, оларды қолданбау салдарынан кейіпкерлерді сәйкестендіру мүмкін болмауы ықтимал.

Кейіпкерлерді сипаттаудың көптеген аспектілері әлі күнге зерттелмеген. Кейіпкерлердің аттары немесе атақ-шендері, аллегориялық/символдық атаулар т.б. кейіпкерлерді сәйкестендіруде маңызды рөл атқара алады. Оқырмандар кейіпкерлермен танысатын сипаттау тілінің де маңызы зор. Сұрақ туындайды: грамматика мен синтаксистің рөлі қандай? Осы шақтың формаларын қолдану көптеген авторлар айтқандай, тікелей және тура байланысты құра ала ма?

«Әңгімелеу емес, көрсету» кейіпкердің эмоционалды күйін немесе жағдайын үшінші жақтан тікелей сипаттау оқырмандардың эмпатиясын тудыруда белсенді құрал болып саналады. Дэвид С. Миал өзінің «Аффект және баяндау» атты жұмысында кейіпкерлердің мінез-құлықтары емес, уәждемелері оқырмандардың кейіпкерлердің өміріне аффективті қатысуын түсіндіреді. Бірақ оқырмандардың қандай эмоционалды қатысу сәйкестендіру процесін бастайтыны белгісіз. Марис Бортолуcci мен Питер Диксон кейіпкерлердің іс-әрекеттерінің «айқындығы» сәйкестендіруге сеп болады (7). Дәстүрлі романдар да күрделі әрі әрқилы болуы мүмкін. Уэйн Буттың ойынша: «біздің қатысу немесе аяушылық таныту немесе сәйкестендіру деп отырғанымыз – авторға, баяндаушыға, бақылаушыларға және басқа да кейіпкерлерге деген реакциялар» (8).

Когнитивті әлеуметтік психология бойынша әдебиеттерге сүйене отырып, Ричард Дж. Джерриг оқырмандар қиялдан туған кейіпкерлер туралы пікірлерін белгілі бір категорияларға сүйене отырып, тұжырымдайтынын айтады (9). Баршаға бұрыннан таныс әрі жеңіл қабылданатын кейіпкерлер оқырмандарды романдарды оқуға қызықтыруда маңызды рөл атқарады. Кейіпкерлерді жеңіл әрі оңай сәйкестендіру оқыту үдерісінде туындайды, бірақ қиын жолдармен жүзеге асырылады. Айталық, Патрик Колм Хоган категориалды эмпатияны – ең көп тараған форма деп сипаттайды. Ал ситуативті эмпатияны оқырманның жадысындағы



тәжірибе болып саналады. Егер ситуативті эмпатия аяушылық этикасына алып келеді, жылдам категориалды эмпатия әлсіз әрі этноцентризм арқылы туындайды.

С. Киннің пікірінше, категориалды эмпатия аяушылыққа алып келмей ме, жоқ па, оны білмейміз. Сол сияқты ситуативті эмпатияның қиялдан туған кейіпкерлерге қатысты этикалық нәтижелері қандай екенін де білмейміз, яғни ешбір болжам әлі күнге тексерілмеген. Әдеби сыншылар мен теоретиктер романдардың маңызын атап өтуде. Ал оқырмандардың таныс жағдаяттарға, сюжеттік желілерге және стереотипті кейіпкерлерге деген реакциясы – сол романдарды жазуға негіз болады (10). Кейіпкерлердің ойы мен сезімін оқырмандарға жеткізу құралы ретіндегі кейіптеу, сөйлеу мәдениеті мен сөз тіркестері кейіпкерлерді сәйкестендірудің екілік тәсілі ретінде танылады. Кейіпкерлердің бастан кешірген сезімдері мен психикалық күйін экстернализациялы және қысқаша сипаттау оқырмандардың эмпатиясын тудырады.

Баяндау жағдаяты

Әдетте, бірінші жақтан немесе үшінші жақтан немесе авторлық баяндау арқылы қол жеткізетін нәтиже кейіпкерлерді сәйкестендіруге және оқырмандардың эмпатиясын тудыруға септігін тигізеді. Уэйн Бут былай жазады: «Егер автор оқырмандардың өз кейіпкерлеріне деген симпатиясын тудырғысы келсе, ол кейіпкердің ішкі көзқарастарын психологиялық тұрғыдан ерекше сипаттау керек болады». Бұл тәсіл автордың өз кейіпкерлеріне деген жеке тұлғалық қызығушылығы болғанда, нәтиже береді. Мәселен Джейн Остиннің өз кейіпкерлеріне. Джейн Остин Эммаға деген аяушылығын көрсету үшін ішкі көзқарасын да қоса сипаттайды. Буттың ойынша: «Оқиғаны Эмmanın көзімен сипаттай отырып, автор Эммамен бірге оқырмандарды да саяхатқа шығаруға тырысады. Былайша айтқанда, автор оқырмандарды кейіпкердің сыртынан бақылап отыру емес, оның өміріне етене араластыруды көздейді». Джейн Остин – әңгіме монологуның хас шебері, кейіпкерлердің санасын оқырмандарға ашып беріп, олардың психикалық күйін дәл суреттеп, ішкі ойларын тіл арқылы жарыққа шығарады.

Әңгіме монологу оқырмандарға терең ықпал ететінін көптеген зерттеушілер айтып келеді. Дэвид Миал кейіпкерлердің ақылы эмпатиялық децентрация тудыруға қабілетті екенін жазады. Сильвия Адамсон әңгіме монологу (ішкі монолог) бірінші жақтан баяндалса, сенімді болып қабылданатынын айтады. Психонаррация немесе баяндаушының кейіпкердің психикалық күйі туралы әңгімелеуі дәстүрлі баяндаулармен, мәселен эпоспен байланысты. Уэйн Бут пен Доррит Кон психонаррация кейіпкерді сәйкестендіруде маңызды рөл атқарады десе, Д. Кон поэтикалық ұқсатулар мен метафоралар психонаррацияны қолдануды талап етеді. Әңгіме монологу – эмпатияны тудырудың сенімді құралы, сол сияқты психонаррация мен монолог оқырмандарды кейіпкерлердің ішкі әлеміне ендіруге септігін тигізеді. Көптеген теоретиктер баяндау – оқырмандардың эмпатиясын тудыра бермейтінін айтады.

Кейіпкердің ішкі әлемін көзге елестету тәсілдері туралы осындай тұжырымдарға қосымша мынаны атап өтелік: бірінші жақтан баяндалғанда, әңгімелеуші өзінің ішкі сезімдері мен қабылдауы туралы тікелей айтып отырып, өзі мен оқырман арасында байланыс орнатады. Жазушы мен әдебиеттанушы Дэвид Лодж тарихи және философиялық контекстер бірінші жақтан баяндаудың маңыздырақ екенін айтады: «Ештеңе нақты емес әлемде, сенімді ғылыми материализм жойған кезде, ғылымның объективтілігі қатысымдылық және белгісіздік арқылы анықталады. Сонда өзінің оқиғасын бірінші жақтан әңгімелеуші – шындықты жеткізуші жалғыз тәсіл болып саналады» (11).

Д. Лодж бірінші жақтан баяндау – үшінші жақтан суреттелген кейіпкер туралы баяндау тәсілі секілді айлалы әрі ерекше жол. Алайда ғалым бұл тәсілді қолдану – шындықты қиялға айналдыратынын, оқырманның сеніміне күмән келтіретінін айтады.

Өзінің жұмысында Сюзанна Кин Лолждың бұл ойына қарсы пікір айтады: параметіндер шығарманы ойдан шығарылған етіп қабылдауға, олардың эмоционалды мәнін ашуға септігін тигізеді. Ғалымның зерттеулері оқырмандардың мәтінді қабылдауы эмпатиялық жауап беруде маңызды рөл атқарады. Сонда оқырмандар кейіпкерлер мен белгілі бір оқиғаға байланысты эмпатиясын көрсете алады.



Нарративті эмпатия қалай жұмыс жасайды: авторлар мен аудитория

Жазушылардың көзқарастары мен пікірлері – нарративті эмпатияны зерттеудің нысаны болып саналады. Жазушылар өздерінің кейіпкерлерін еститінін және көретінін, олармен сұхбаттасып отыратынын, тіпті, олармен бірге сезетінін айтады. Майджори Тейлор (12) мен оның әріптестері – 50-ге жуық зерттеушілер авторлардың 92%-ы кейіпкерлерінің қиялын сезініп, соның негізінде олардың іс-әрекеттерін жазғанын айтады. М. Тейлор иллюзия авторлардың тәжірибесіне және қиялына байланысты екенін жазады. Әрине, жазушылар шығарманы жазу барысында ондағы кейіпкерлердің жағдайына аяушылық танытып отырады. М. Тейлор аударған бірнеше мәтіндер осы байланысты дәлелдейді. Жазушылар тобы қиялдауға, эмпатиясын көрсетуге қабілетті келеді. М. Дэвистің тұлғаралық индекс тестін қолдана отырып, М. Тейлор жазушылардың қиялдауға, басқаларға деген эмпатиясын, өзгелердің қайғысына аяушылық білдіруін белгілі бір параметрлер бойынша өлшейді.

М. Тейлордың бұл жаңалығы нарративті эмпатияның қызметін айқындауға септігін тигізді. Табиғи қабілеттер мен тәжірибенің нәтижелері арасындағы айырмашылықты айқындау мәселесін қарастыру керекпіз. Жазушы шеберлігі – романистердің рөлдік қабілеттерін күшейтіп, басқа кейіпкерлерді жасау тәжірибесін қалыптастырды. Алайда, бұл жазушылардың іс-әрекеттері кейбір адамдардың іс-әрекеттерімен салыстырғанда, жақсы екенін білдірмейді. Нарративті эмпатияның көптеген теориялары эмпатия автордан оқырманға әдеби мәтін арқылы берілуі тиістігін көрсетеді. Жазушылардың өз шеберлігі туралы түсіндірмелері қиялдан кейіпкерлер жасауға, оқырмандардың эмпатиялық сезімдерін туындатуға септігін тигізеді.

Эмпатиялық қате

Эмпатияны бастан өткерген кезде, біз романға көзқарасымызды білдіреміз, бірақ кейіпкерлерден мынадай сұрақ сұрай алмаймыз: «Сіз өзіңізді романда суреттелгендей, сезініп отырсыз ба?». Алайда мәтін біздің реакциясымызды дәлелдеуі мүмкін. Баяндаудың бірде-бір тәсілі оқырмандардың эмпатиялық реакциясы кейіпкерлердің сезімдеріне сай келетініне кепілдік бермейді. Осы себепті мәтіннен тыс деректер, мәселен автормен сұхбаттасу – әдеби эмпатиялық нақтылықты бағалаудың құралы болып саналады. Сюзанна Киннің «эмпатиялық қате» термині баяндау эмпатиясының ықпалын сипаттайды. Эмпатиялық қате оқырман ойдан жасалған кейіпкерге автордың ниетіне қарамастан, көңіл бөлгенде туындайды. Авторлар кейде кейбір кейіпкерлеріне деген эмпатияны әдейі тудырады. Осындай жағдайда эмпатиялық қате туындайды. Оқырман романмен бетпе-бет қалған кезде, эмпатиялық қате сақталып қалады. Ойдан шыққан кейіпкер аяушылыққа лайық деп ойлаған оқырман автордың жасырын және айқын ниетін ескермеуі мүмкін. Егер автордың ішкі ниеті оқырманның сезімімен сай келсе, олардың арасында эмпатиялық үйлесімділік байқалады. Эмпатиялық қате автордың ішкі ниеті үнемі дұрыс емес екенін дәлелдейді.

Оқырмандарын эмоционалды тәсілдермен қызықтырғысы келген жазушылардың эмпатиялық қатемен күресі екі нәтижені көрсетеді: сәтсіздік және қателікке ұрыну. Нарративті эмпатияның сәтсіздіктері С. Киннің ойынша, автордың эмпатиясы – қиялдан туған әлемді құрудың ажырама бөлігі болып табылады. Эмпатиялық қатенің екінші формасы – автор оқырманның эмпатиясын тудыратын құбылыстар автордың ішкі мақсатына сай келмеген кезде туындайды.

Сыншылардың айтуынша, нарративті эмпатия – адамзаттың ұйымдасқан жеккөрушілік, нәсілдік, әділетсіздік, шынайы аяушылықтан қашу, аморальдылыққа қарсы жауабы болып саналады. Осындай пікірлерді Гуревич, Познер, Уильямс, Дельдаголардың еңбегінен кездестіруге болады. Кейбір феминистік және постколониалды сыншылар үшін эмпатия – әмбебап адами сезімдерді түсінуге сай келгенде, мәнінен айрылады. Кейбір зерттеушілер эмпатияны – адамдарды әлсіретіп, басқа адамдардың басқаруына еріксіз көндіру құралы деп суреттейді. Эмпатиялық қате – адамгершілік сезімдермен шиеленіске түсіп, жалған аяушылықты тудырады.



Эмпатиялық проекция қабілеттерін пайдалана отырып, кейбір авторлар оқырмандарға саяси мәселелерде ықпал ете алады. Оқырмандар автор ойлаған немесе алдын ала болжаған тәсілдерден басқа жолмен эмпатия білдіре алуы мүмкін. Осы оқырмандар автордың ойымен келіспеген кезде, өздерінің жеке тұлғалық пікірлерін эмпатиялық реакция түрінде білдіре алады. Авторлар мен оқырмандар арасындағы эмпатиялық айырмашылық туралы дәлелдер көркем мәтінге деген реакцияны тудырады. Нарративті эмпатия осындай дәлелдерге кедергі келтіруі мүмкін.

Нарративті эмпатия сәйкестендіру мәселесімен қиылысады. Біз белгілі бір топқа қатысты болғанымыз себепті реакциямызды білдіре аламыз.

Ақ нәсілділер, батыстық әрі сауатты оқырмандардың реакциясы жалпы оқырмандық реакцияларды топтауға негіз бола алмайды. Алайда Питер Дж. Рабинович әртүрлі оқырмандар аудиториясын анықтау тәсілдерін ұсынады.

Авторлық стратегиялық эмпатия теориясын қарастыра отырып, С. Кин авторлық аудитория мен нақты аудитория арасындағы өзара байланыс туралы өз тұжырымын ортаға салады.

Стратегиялық эмпатия

Әдебиет пен авторлық тактиканың, мәтіндік стратегия мен аудиторияның жауап реакциясының мүмкіндіктері баяндау эмпатиясы теориясының талаптарына толық сай келеді. С. Киннің «стратегиялық эмпатия» термині жазушылардың оқырмандар аудиториясының эмоциясын тудыру үшін талпынатындығын көрсетеді. Стратегиялық эмпатия – автор оны мәтінде «көзге көрінетін саяси мүдде» ретінде қолданған тұста, қалыптасады. Сюзанна Кин мынадай сұрақ қояды: Стратегиялық баяндау эмпатиясы оқырмандарға қалай жетеді?

Стратегиялық эмпатия, авторлық эмпатияның әртүрлілігі, кейбір авторлардың сипаттауынша, белгілі бір аудиторияның эмоционалды ішкі ойына қарай анықталады. Шектеулі стратегиялық эмпатия белгілі бір топтың ішінде жүзеге асады. Кейде жазушы бірнеше аудитория үшін жазып, олардың арасындағы айырмашылықты жоюға тырысады. Романистер мақсатты аудиторияның пікірі мен қарым-қатынасын өзгертуге тырысады. Стратегиялық эмпатия – аудиторияның сезімін тудырудың риторикалық құралы болып саналады. Стратегиялық эмпатия оқырмандарға басқалардың сезіміне қарсы жауап беруге үйретеді. Стратегиялық эмпатия уақытқа және контекстпен мәселеге сезімтал болып келеді. Жазушылар немесе белгілі бір топтардың ішкі ниеті стратегиялық эмпатия туралы кепіл бола алады. Полемикалық, диалектикалық, мақсатты нарративтер кейбір кедергілерге тап болуы мүмкін.

Көркем туындының жетістіктері – стратегиялық эмпатияның мақсатты аудиторияға ықпалының дәлелі бола алады. Шындығында, шығарманың көпшілікке танылуы оның оқырмандарға ықпалының жоғары екенін көрсетеді.

Кеңінен хабар таратушы стратегиялық эмпатия кең аудиторияны қамту мақсатында қолданылуы мүмкін. Алайда көп жағдайда оқырмандардың қарсылығын тудырады. С. Кин бұндай оқырмандар тобын «күзетші иттер» деп суреттейді. Кең таралымды стратегиялық эмпатия әрбір оқырманды өзін белгілі бір топтың мүшесі ретінде сезінуге, олардың ортақ жақтары мен әлсіз тұстары бойынша біріккендігін түсінуге итермелейді. Баяндау эмпатиясының бұл түрі басқалардың сезімдерін түсінудің әмбебап құралы болып саналады. Романистер оқырмандардың басым бөлігіне әсер етуді көздемейді. Постколониалды романистердің көпшілігі кең таралымды стратегиялық эмпатияның ерекше назар аударуды қажет ететінін мойындайды.

Біздің талқылап отырған эссеміз алынған кітапта, Сюзанна Кин эмпатия-альтруизмнің әдеби нұсқасына сыни талдау жасайды. Мұнда ғалым эмпатия тудырған белгілі бір романды оқу қоғамдық қарым-қатынастарға да түрткі болатынын айтады.

Сюзанна Кин Уйэн Бутпен келіседі: бірде бір этикалық әсер тең бір баяндау тәсіліне тән емес. Автордың бұл пікірі тыңғылықты эмпирикалық тестілеуден өтті. Эмпатиялық тәсілдердің бірін ұсыну арқылы эмпатиялық әсерді тудыратуға септігін тигізеді.



Эдэблеттер

1. Dixon Peter. Literary Processing and Interpretation: Towards Empirical Foundations. – Poetics. – 1993. – № 22
2. Hakemulder Jemeljan. The Moral Laboratory: Experiments Examining the Effects of Reading Literature on Social Perception and Moral Self-Concept. Utrecht Publications in General and Comparative Literature 34. – Amsterdam and Philadelphia: John Benjamins, 2000.
3. Oatley Keith. A Taxonomy of the Emotions of Literary Response and a Theory of Identification in Fictional Narrative. – Poetics. – 1994. – № 23.
4. Miall David S., Don Kuiken. What Is Literariness? Three Components of Literary Reading. – Discourse Processes. – 1999. – № 28.
5. Kuiken Don. Locating Self-Modifying Feelings within Literary Reading. – Discourse Processes. – 2004. – № 38.
6. Louwse Max, Don Kuiken. The Effects of Personal Involvement in Narrative Discourse. – Discourse Processes. – 2004. – № 38.
7. Bortolussi Marisa, Peter Dixon. Psychonarratology: Foundations for the Empirical Study of Literary Response. – Cambridge and New York: Cambridge University Press, 2003.
8. Booth W. The Rhetoric of Fiction, 2nd ed. – Chicago: University of Chicago Press, 1983.
9. Gerrig Richard J. The Construction of Literary Character: A View from Cognitive Psychology. – Style. – 1990. – № 24.
10. Jauss Hans Robert. Aesthetic Experience and Literary Hermeneutics. – Minneapolis, Minn.: University of Minnesota Press, 1982.
11. Lodge David. The Modes of Modern Writing: Metaphor, Metonymy, and the Typology of Modern Literature. – Chicago: University of Chicago Press, 1977.
12. Taylor Marjorie. The Illusion of Independent Agency: Do Adult Fiction Writers Experience Their Characters as Having Minds of Their Own? – Imagination, Cognition and Personality. – 2002/2003. – № 22.